

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Депозит

2. Сабақтың мазмұны:

1. Жинақтау және инфляция
2. Депозит, банктер және олардың функциялары
3. Депозит шарттары
4. Тәуекелдер және оларды басқару

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: инфляция жағдайында өзінің жеке жинақтарын басқару негіздері, инфляциялық процесс және оның себептері туралы білім жүйесін қалыптастыру; банктердің құрылу тарихымен және Қазақстандағы банк жүйесімен таныстыру; банктердің түрлері туралы студенттердің білім жүйесін қалыптастыру; банктердегі депозиттік шоттардың әртүрлі түрлері, олардың қазіргі экономикадағы артықшылықтары мен кемшіліктері туралы білім жүйесін дамыту.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Пысықтау есептері
- Тақырып бойынша тест тапсырмасы (google формада)

Есеп-1: Бір жас жігіт университетті бітіріп, жақсы жұмысқа орналасты. Өзірге ол ата-анасымен тұрады. Ол несиеге жүгінбей, 7 жылда 14 600 000 теңге тұратын пәтер алуды мақсат етіп қойды. Оның барлық кірістері мен шығыстары кестеде көрсетілген. Жас жігіт қаржылық ресурстарды инвестицияламай-ақ пәтер сатып алу үшін өзінің жеке қаржылық жоспарын орындай ала ма? Ай сайын қанша теңгеден төлеп тұра алады?

Мақсаты	Пәтер құны 14 600 000 теңге
Мерзімі	7 жыл
Пайыздық мөлшерлемесі	15%
Негізгі кіріс	
Есептелген жалақы (жеке табыс салығын шегергенге дейін) (ай сайын)	560 000 теңге
Жинақтар	1 500 000 теңге
Негізгі айлық шығындар	
Коммуналдық төлемдер	15600 теңге
Тамақтану	75000 теңге
Спорт және демалыс шығындары	33 000 теңге
Тұрмыстық қажеттіліктер	16 800 теңге
Басқа шығындар	27000 теңге
Күтпеген шығындар	20000 теңге

Есеп-2: Азамат осыдан 10 жыл бұрын жылдық 9 пайызбен 10 жылға 300 000 теңге салған еді. Қазіргі уақытта жылдық капиталдандыру кезінде депозитте қандай сома жинақталды? Бастапқы төлеммен салыстырғанда сома қаншаға өсті?

Есеп-3. Төмендегі графикте 2023 жылғы 16 мен 23 қазан аралығындағы орташа депозит мөлшерлемесінің өзгеру динамикасы беріліп тұр.

Анықтаңыз:

- А) Депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемені.
- В) Депозиттер бойынша ең төменгі мөлшерлемені
- С) Берілген уақыт кезеңіндегі депозиттер бойынша орташа мөлшерлемені.



Есеп-4: Берік банкке тоқсан сайынғы күрделі пайызбен жылдық 10%, 420 000 теңге салды. Ол 8 жылдан кейін қанша ақша алды?

Есеп-5: Салымшы 12 айға жылдық 10% ай сайынғы сыйақыны есептей отырып ашқан депозитте 1 000 000 теңге болса. Депозиттің табыстылығын анықтаңыз..